

Д.К. Кусбеков

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: dumandoc@mail.ru)*

Діни экстремизмнің пайда болу алғышарттары (философиялық тұрғы)

Мақалада «діни секта», «экстремизм» және «терроризм» ұғымдары әлеуметтік-философия тұрғысынан анықталды. Секталардың даму жолдары және адамдарды арбау механизмдері жан-жақты ашылды. Діни секталар, экстремистік ұйымдар террористік лаңкестікке жол ашатындығы қарастырылды. Сондықтан діни секталар жай қарапайым топ емес, күрделі иерархиялық құрылымы бар ұйым екендігі баяндалды. Автор оларды қауіпсіздік және деструктивтік тұрғыда екі топқа бөлді. Және діни секталарға сипаттама беру арқылы алғышарттарын қарастырды. Діни экстремизм, қоғамдық жат құбылыс сияқты, өзіндік себебі мен заңдылықтары бар. Оны кездейсоқ құбылысқа жатқызуға болмайды. Осыған орай, автор бар болған шындықпен емес, оның пайда болған алғышарттарымен күрес жүргізу керектігін баса айтады. Дәл осы әдістің нәтижесі көп кешіктірмей өзінің жемісін берді. Экстремизмнің жат құбылыс ретіндегі себебін іздеу, өз алдына, онымен күрес жүргізу құралдарына алып келеді. Бірақ қандайда құбылыс болмасын, ол тек бір ғана факторға негізделмейді. Яғни, әр жеке құбылыстардың себебі қатып қалған жалғыз, абсолют емес. Ол діни экстремизмге де қатысты мәселе. Сол себепті автор «діни сектаны» экстремистік идеялардың пайда болу ошақтарының бірі ретінде қарастырады. Оның себептері әртүрлі. Адам әлеуметтік пенде болғандықтан, көпқырлы. Мәселен, діннің мәні және мақсаты туралы толық түсініктің (білімнің) болмауы дінге деген радикалдық қатынасты тудырады. Діни экстремизмнің пайда болу себептерінің бірі, діннің қай түрі болмасын (буддизм, христиан, ислам т.б.), діни сауатсыздық. Адамдардың діни сауатсыздықтарын жақсы пайдалана білген «дін басшылары» оларды сектаға кіруге итермелейді. Нағыз ақиқат сол жерде деген ұғым қалыптастыруға тырысады. Автор мақалада діни ұйымдардың барлығын сектаға жатқызбайды, керісінше, «діни сектаның» жұмыс істеу тетігіне сипат беру арқылы оның басқа діни ұйымдардан айырмашылығын ашып көрсетеді.

Кілт сөздер: секта, экстремизм, терроризм, саясат, құқықтық сана, моральдік сана, конфессия, авторитарлық.

Діни экстремистік ұйымдардың ұйымдастырылған қоғамдық нормаларға жат көптеген іс-әрекеттеріне анықтама беру кезінде зерттеушілер сол әрекеттерге сәйкес ұғымдық-танымдық аппараттың болмау мәселесіне тап болады.

Философия, әлеуметтану, саясаттану және психология әдебиеттерінде осындай құбылыстарды сипаттау үшін «тоталитарлық секта», немесе «авторитарлық секта», түсінігін қолданады. Біз оны «діни секта» деген ұғыммен байланыстырдық. Ғылыми әдебиеттерде ол көбінесе «деструктивтік культ», «деструктивтік мазмұндағы діни ұйымдар», «қоғамға қауіпті діни ұйымдар», тағы басқа мағыналарды қолданады. Оған себеп діни секта мен тоталитарлық сектаның арасында формалды ғана айырмашылық бар. Діни не тоталитарлық секта болсын, көздеген мақсаттары және қолданатын механизмдері бір-біріне ұқсас, кейбір жағдайларда бірдей деп те айтуға болады. Сыртқы формасы әртүрлі болғанымен, ішкі мазмұны бір-біріне ұқсас. Оны біз төменде дәлелдеп беруге тырысамыз. И.Я. Кантревтің пікірі бойынша, дінтануда «тоталитарлық секта» ұғымы аз қолданылады. Сондықтан «секта» немесе «культ» деген анықтамалардың орнына жаңадан пайда болған діни ұйымдарды «жаңа діни қозғалыс» деген атаумен анықтаған дұрыс болады деген пікір айтқан болатын. Оған түрткі болған ағылшын әлеуметтанушысы А. Баркердің еңбектері. Ол заманауи діни ағымдарға қатысты көптеген зерттеулер жүргізген болатын.

«Діни секта» анықтамасының басты кемшілігі нақты белгіленген және тұрақты классификациялық белгілер жоқтығында. Осыған орай қандайда жаңа діни ұйымдар немесе діни-философиялық ағымдар немесе жай ғана ғылыми-біліми ұйымдар болмасын, оның барлығын «секта» немесе «культқа» жатқыза беруге болатындай мүмкіндік туындайды. Сондықтан діни ағымдар мен зайырлылық ұйымдарды ажырата білген дұрыс.

Діни секта — ол ұйымның ерекше түрі, оған авторитарлық басқару жүйесі тән. Мұндай секталарда адам бостандықтары мен құқықтарын шектеу, оның өміріне және денсаулығына қауіп төндіру сияқты іс-әрекеттер орын алады.

Батыс елдерінде діни сенім бостандығы мәселесі ұзақ жылдарға созылған тарихы бар. Еуропа орта ғасыр тарихы және де сол заманда философияның таным, ғылым ретінде атқарған рөлін айтсақ, соның өзі дәлел. Ортағасырлық Еуропа елдері үшін діннің шарықтап тұрған кезеңі еді. Діни фанатизм сол елдердің мәдениетін бір жарым ғасырға шектеп, дүниетанымдық дағдарысқа алып келді. Сондықтан діни сенім бостандығы көптеген батыс мемлекеттерінде және Қазақстан Республикасында конституциялық заңмен реттеледі және қорғалады.

Қазіргі жаңа діни ағымдардың жіктелуін қоғамдық қауіпсіздік және деструктивтік тұрғысынан анықтап, оларды топтарға бөлейік.

Бірінші топ. Діни ілімдерінде деструктивтілік белгісі айқын орын алмаған секта. Яғни, бір жағынан, адамға дүниетанымдық жағынан ешқандай қауіпсіздік тудырмайды. Бірақ қоршаған ортамен ашық қарым-қатынасқа түспеседе, қандайда ішкі немесе сыртқы жағдайларда қарсы тұруға тырысады.

Екінші топ. Діни ілімдерінде деструктивтілік белгісі айқын орын алған секта, бірақ қандайда объективтік немесе субъективтік себептерге байланысты қолданбайды немесе сирек қолданады.

Үшінші топ. Діни ілімдерінде деструктивтілік белгісі айқын орын алған және оны тәжірибеде кеңінен ашық қолдануға тырысады. Үнемі белсенділік танытады. Жоғарыда аталып өткен діни ағымдардың үш типологиясы да қоғамға қауіпті. Олардың қауіптілігін белсенділіктері арқылы анықтауға болады.

Діни секталар «шіркеу мен шіркеулердің қандай да бір ерекше — діни идеяларды тудырудың және ұйымдастырудың дербес типі» [1; 204]. Осының барлығы діни экстремизмнің дамуы үшін объективті құрылымдық алғышарттар болып табылады. Діни секталардың таралуы өз кезегінде рухани әлемде әлеуметтік ауытқу болып табылады, өйткені оған академик В.Н.Кудрявцев бөліп қарастырған әлеуметтік ауытқулардың белгілері тән. Нақтырақ айтқанда: 1) белгілі бір көпшілік немесе жалпылық сипат алуы. Шамамен алғанда алты миллион адам XX ғ. соңында осындай діни бірлестіктерге барған; 2) осы бірлестіктердегі тұрақтылық [2; 95].

Әлеуметтік философия және дінтану тұрғысынан діни секталардың феноменологиясы мен этиологиясы мәселесін қарастыру көптеген кешенді мәселелерді тудырды.

Діни секталардың қызметін жоғарыда жалпы анықтап бердік. Өз мақсаттарына сәйкес, сенім бостандығын жүзеге асыруда, оны кері пайдаланушылықтың әртүрлі тәсілдерімен жүретіндігі бізге мәлім. Діни секта діни экстремистік ұйымды құру үшін қандай да бір объективті құрылымдық алғышарт ретінде және діни экстремизмнің таралуы белгіленген нормалар жат аясында талқылауға тән аспектілердің бірінен тұрады.

Нәтижесінде «секта», «діни секта», «жеке басқа табыну» «деструктивтік ғұрып» әлеуметтік жағынан жағымсыз ұғымдарға айналып, қылмыс жасау, алдау, алаяқтық, террор секілді түсініктермен тығыз байланысты болды, ал ол, өз алдына, теріс эмоциялық күйге алып келеді.

Әлеуметтік философия, дінтану және саясаттану әдебиеттерінде діни секталарға қатысты келесі тұжырымдарды кездестіруге болады: «діни секталар – ұйымдасқан қылмыстық топтың формасы» [3; 62], «діни секталар құлдықта, жезөкшелікте, өнер және тарихи құндылықтарды шет елге шығару мақсатында, антиквариаттарды ұрлауды ұйымдастыруда, валюталық қылмысты жүзеге асыруда қатысады» [3; 47].

Осы орайда А.В.Тонконоговтың түсініктері пікірталас тудырады, ол ешқандай эмпирикалық дәлелдерді келтірмей, осы мәселе бойынша арнайы әдебиеттерге сілтеме жасамай, секталар мен қылмыс арасында теңдік белгісін қояды. Сонымен қатар ол «сектаның саяси қылмыспен бірдей екендігі, секталардың өкілдері экономикалық қызмет аясында көптеген қылмыстар жасайтындығы, қылмыс пен «сектаның» арасында жалпы шекара ғана бар екендігін айтады» [4]. Олардың арасында байланыс бары сөзсіз. Бірақ оны таза саясатпен немесе экономикалық қызметпен байланыстыру дұрыс емес. Себебі қарастырып отырған мәселенің ауқымын шектейді.

Қоғамдық қауіпсіздік саласына қатысты мәселелердің басқа кешені — бұл діни секта мүшелерінің қоғамдық нормаларға жат мінез-құлқы механизмі мен көздеген мақсаттарының ерекшеліктері. Діни секталардағы террористің немесе экстремистің жеке басы, қоғамдық қатынастың субъектісі ретінде философия, әлеуметтану, саясаттану және психология үшін қызығушылық тудырады. Дәстүрлі емес діндер, дәстүрлі діндерге қарағанда, жоғары қарқынмен дамуда. Бұл беталысты (заңдылықты) Д.Е. Фурман, К. Каарияйнен байқаған [5]. Діни секталардың таралу себеп-салдары мен шарттары біршама әлеуетті тұрақсыз құбылыс ретінде психологиялық тұрғыдан да қарастырылуы керек.

Діни сектаның виктимологиялық аспекті дербес заңбұзышылық мәселеден ғана тұрмайды. Діни секталардың іс-әрекетінің нәтижесінде құрбан болған бірлестіктің мүшелері оның отбасы немесе бауырлары болуы мүмкін. Діни секталардың басты әрі ерекше бір сипаты, ол жеке тұлғаның біруақытта құрбан да және қылмыскер де болу жағдайы. Яғни, бір жағынан, ол діни сектаның құрбаны болады (психологиялық жағдай), екінші жағынан, қылмыстың субъекті (іс-әрекеті). Олардың қылмыстық табиғатын түсіну және талдау үшін келесі мәселені ескеру қажет: діни бірлестік шіркеу және мешіт емес, секта немесе культ (жеке басқа табыну) болып табылады, оның мүшелері православие, ислам, буддизм, иудаизм, католицизмнен ерекше, діни доктринаның жолын ұстанады, бірақ оларды заңбұзушылар немесе қылмыскер ретінде қарастыруға және қудалауға негіз жоқ. Себебі олардың діни доктриналарында нақты экстремистік идея жоқ немесе айқын емес. Жоғарыда діни ілімдердің типологиясын қарастырғанда оны айтқан болатынбыз. Біздің пікірімізше, діни секта қылмыстану тұрғысынан діни-экстремистік ұйымды құру үшін, қандай да бір объективті құрылымдық алғышарт ретінде қарастырылуы керек, бірақ оның өзі жеткіліксіз және негізсіз.

Діни секталар мәселесіне келгенде, оның саяси мәнін де ұмытпаған жөн. Діни секталар, ұйым ретінде, саясатқа да көзделген. Сондықтан дінге негізделген саяси экстремизмнің де негізі бар. Діни-саяси экстремизм, ол мемлекеттік билікті күшпен басып алуды көздейді. Мақсатына жету жолында дінаралық және ұлтаралық шиеленісті тудыруға тырысады. Осыдан келіп туындайтыны саяси экстремизм.

Діни секталарға сипаттама

XX ғасырдың 60–70-жылдарында пайда болған діндарлық көрінісінің дәстүрлі емес формалары қарама-қайшылыққа толы әртүрлі кешенді құбылыс болып табылады, бұл осы құбылысты анықтайтын бірыңғай түсінікті жасауда күрделілік тудырады.

Біз әдебиеттерді талдау барысында осы құбылысты сипаттауға және келесі амалдарды бөлуге мүмкіндік туды: теологиялық, психологиялық, әлеуметтік, қылмыстанулық.

Діни сипаттама. Дінтанушылар діни секталардың доктриналарын дәстүрлі дінге сай келу немесе келмеу тарапынан зерттейді, олардың идеологиясының ерекшеліктерін қарастырады. Алайда әлеуметтік ортада осы секталар қызметін, заңды жағынан мәнді жағдайларда жақтаушылар құлқының психологиялық ерекшеліктерін талдау дінтану амалдың шегінде жатыр, бұл оның шектеулі екендігін көрсетеді. «Шіркеу қазіргі өркениет тудырған мәселелерді түсіне отыра, әлемнің тағдырына жауапкершілікпен қарайды» [6; 332]. Діни секталар тұрғындар арасында насихаттау жолдары жетілгендіктен (интернет көздері), мемлекет тарапынан оған шек қою мүмкіндіктері әлсіздеу болады.

Қоғамдық нормаларға жат іс-әрекеттерді талдаудағы діни сипаттама А. Августин, Ф. Аквинский және тағы басқа ортағасыр ойшылдарының еңбектерінде белсенді талқыланады. Қоғамдық нормаларды бұзатын іс-әрекеттерді діни тұрғыдан түсіндірмелері эзәзілдің (шайтанның ісі) әрекетінен қоғамдық қауіпті әрекетті байланыстырды. Бірқатар заманауи ислам мемлекеттерінде шариат соттарының тәжірибесі аса тұрақты болып табылады.

Қылмыс түсінігі зұлымдықтың шектен тыс көрінісімен байланысады. Қылмыскер — зұлымдықты тікелей іске асыру құралы. Діндарлардың негізгі идеясы қылмыс жасау адамның құдайдан теріс айналуы немесе эзәзілдің билігінде (сатанизм) болғандығының нәтижесі болып табылады.

Қоғамдық нормалардан жат қылықтарды талдауға діни амалдар аясында жасалатын идеялар аса күрделі. Олардың көпшілігі дәлелденбейтін сипатқа ие. Сонымен бірге олар зұлымдық құбылыстар болмысының жаңа қырын, жаңа жазықтығын ашады. Оларға сәйкес ғылыми болжамдардың негізіне қойылған болуы мүмкін, күрделі дүниетанымдық көзқарастық мәнге ие. Мұндай идеяларға жататындар:

- қоғамдық нормаларды бұзу — ол зұлымдық. Зұлымдық іс-әрекетке жол бермеу — ол игілік;
- жағымсыз іс-әрекеттерге әсер етудің мақсаты — зұлымдық пен жақсылық арасында қарама-қайшылықтарды шешу жолы арқылы, жоғары әділдікке жету — қоғамның мақсаты;
- зұлымдықпен күрес құдаймен жайнатылған;
- ізгілік, онтологиялық жағынан, жамандықтан күші — зұлымдықпен қарсы күресте қуат берудің қайнар көзі осында;
- зұлымдыққа әсер етудің діни шаралары, біршама жамандықты бәсеңдету мүмкіндіктеріне ие. Олардың негізгілері уағыз, жақсы іс-әрекеттер және дұрыс көзқарас, қайырымдылықтың нұсқасы болып табылады. Сонымен бірге намаз оқу, медитация, спортпен шұғылдану, қайырымдылық

қорларын ұйымдастыру және басқа сияқты зұлымдыққа қарсы әсер етудің дәстүрлі емес шараларымен тығыз байланысты;

– зұлымдыққа қарсы тұру үшін басты екіпінді әрбір адам, ең алдымен, өзінен бастауы қажет, яғни өзін-өзі кемелдендіру немесе жетілдіру керек.

Құқықтық сипаттама. Діни сектанттық (діни-экстремистік ұйымдардың) феноменін зерттеудегі екінші сипаттамасы құқықтық бағыт болып табылады.

Құқықтық сипаттама діни секталардың әрекетін құқықтық реттеу шектерін дұрыс орнату үшін (қалайтын және мүмкін болатын); діни сеніммен байланысты зұлымдық жасаған жағдайда осындай түрдегі діни ұйым қатысушыларының жауапкершілігін жекешелендіру және дифференциациялау, сондай-ақ діни ұйымдардың қызметін реттейтін құқықтық нормаларды, діни-сектанттық мәселесіне кешенді әлеуметтік-құқықтық амалдың қажетті жасақтамаларын мағынаға сәйкес талқылау үшін қажетті ғылыми алғышарттар құрады.

Діни-экстремистік ұйымның құрылымдық негізі ретінде діни секта түсінігін анықтау үшін «секта» және «діни» санаттарын сараланған түрде қарастырған жөн.

Ұйымдастырушылық құрылым ретінде сектаның ерекшелігі келесі белгілермен сипатталады: 1) ену шарттары; 2) мүшелердің елігу деңгейі; 3) жалпы әлемге деген қатынас.

Психологиялық сипаттама. «Көбінесе террористердің логикасы олардың жалпы мәдени деңгейіне байланысты» [7; 182]. Осы құбылыс туралы түсінік психологиялық немесе сонымен тығыз байланысты белгілер мен қасиеттердің үйлесімін пайдалану көмегімен беріледі. Діни секталардың келесі психологиялық сипаттамаларын бөлуге болады:

– өз идеяларын насихаттау жолында ерекше белсенділік таныту;
– олар тек өзі жоғары біліммен, шынайы Құдайдың сөзімен, қасиетті жазбаларға ие екендігіне нық сенім;

– жетекшіге жаны жақындық немесе берілгендік;

– көшбасшының харизматикалық сипаты;

– өзін ерекше, басқа топтардан керемет деп қабылдау;

– діни секта мүшелері өмірінің барлық тараптарын реттеу, қатаң тәртіп;

– жеке тұлғаның өзіндік қасиетін басу немесе жоққа шығару;

– дәстүрлі діни ілімдерден ауытқу.

Осы белгілердің жиынтығына Р.Ж. Ловингер профессионалдықтың тыс және эзотерикалықты (бейхабарлардан жабық, ішкі білімнің болуы), тығыз топшілік байланыстар, ғибадаттар мен тәжірибелердің жоғары эмоциялығы, олардың авторитарлық сипатын қосады.

Оларға «біз» және «олар» кешені, өзін қоршаған әлемге, мәдениетке қарсы қою; өз идеяларын белсенді насихаттау; әлем және оның шынайылықтарынан бөлінуге әкелетін топ мүшелерін толық оқшаулау, өмір философиясы мен стратегиясын анықтайтын орталық бедел секілді жаңа діни топтардың сипаттамаларын анықтауға болады.

Жаңа діни топтарға сөзсіз беделдіктің жеке көзі деп «қасиетті кітаптар» қастерлейтін үгіттеуші, негізін қалаушының болуы жатады. Жаңа діни топтар авторитарлы және жақтаушылардың саналы, өзіндік тәуелсіз ойлауын қолдайды; өз әрекетін құпиялылық ахуалмен қоршауға тырысады, оларға қудалау сипаты тән; өзіне жаңа адамдарды тартқанда алдау, арбау және жақтаушыларды басқаруда қорқыту технологиясын пайдаланады.

Заманауи әдебиеттерде жеке басқа табынудың келесі сипаттары берілген: харизматикалық басшы, ерекше отбасының болуы, басшының айналасында ұйымдастық, барлығы үшін міндетті мінез-құлық нормалары, әлемге деген ақырзамандық көзқарас (ақырзаманды күту), жаңа Ислам әлемін құру (Халифат), «адасқандармен» қасиетті соғыс жүргізу.

Психологиялық амалды пайдаланудың негізгі қиындығы мынадан тұрады: онда бірлестіктің қызметінде және фанатизмге белсенді қатысуды белгілеу, топтық нормаларды қабылдау және топқа сөзсіз бағыну, епті сендіру және бағдарламаландыру, басқарушының беделін және діни ұстаз беделін белгілеу мүмкін емес. «Жалпы адамның іс-әрекет ету қызметі (мотивация) оның мән беруінде жатыр» [8; 52]. Сондықтан, адамның мотивациясын толық ашып беру мүмкін емес. Бұл психологиялық жағдай адамның ішкі жан-күйін сипаттайды.

Психологиялық амалда діни секталардың болмыстық мәнінде екендігі және олардың ерте кезеңдегі, яғни ХХ ғ. басында, туындаған діни секталардан қағидалық айырмашылығы неде, қандай түрлерге бөлетіндігі айқын емес, сонымен бірге мінез-құлықтың уәждемесі де анық емес болып қалады.

Әлеуметтік сипаттама. «Діни секта» түсінігін жасаудағы әлеуметтік амал, ең алдымен, өмірде оны іске асыру, болмыстық немесе өмір сүру, жүзеге асырудың қандай да бір діни доктринасын қамтамасыз ететін арнайы әлеуметтік құрылымын талдаумен байланысты.

«Шаруашылық және қоғам» еңбегінде М.Вебер алғашқылардың бірі болып, діннің қоғамда қызметін қамтамасыз ететін құрылымдарды талдау, әлемге қатынас; мүше болу шарттары; ішкі ұйымның ерекшеліктері секілді өлшемдерге сүйене отырып, олардың жіктелімін жасауға талпынады. Осы өлшемдердің негізінде автор «секта — шіркеу» дихотомиясын ұсынды және шіркеу мен секталардың әлеміне келесі қатынасты анықтады: шіркеу өзін әлемге қарсы қоймайды, оның мәдениетін қабылдайды, олардың тәртібімен келіседі, осы әлемге «қоршалған» әмбебап ұйым болуға тырысады; ал секта, керісінше, әлемді жоққа шығарады, декларациялайды және оның құндылықтары, нормалары және ережелерін қабылдамайтындығын көрсетеді. Біздің ойымызша, дін мен сектаның арасында осындай мәндік айырмашылық бар екендігі күмәнсіз. Діни секта бастапқы кезде ашықтан ашық қоғамға, жалпы әлемге қарсы тұрмайды, керісінше, табиғаты қоршаған ортамен бір екендігін және диалектикалық байланыста екендігін көрсетуге тырысады. М.Вебер дәстүрлі дін ілімдерін ұстанатын ұйымдарды инклюзивті топқа (*мен немесе біз, сенімен немесе сіздермен біргеміз*), ал дәстүрлі діни ілімдерді ұстанбайтын діни секталарды эксклюзивтіге (*мен немесе біз, саған немесе сіздерге қарсымыз*) жатқызады. Нақты осы соңғы жағдай мынамен ерекшеленеді: секталар — бұл ерекше, дәстүрлі емес құндылықтармен, нормалармен, ережелері бар топтар, олар жалпылай қабылданған нормаларға біршама дәрежеде қарама-қайшы келеді, бұл топтың және оның жеке мүшелерінің жалпылай қабылданған өзара қатынасын шарттандырады. Осы заңды мәні бар жағдайларда жақтаушылардың мінез-құлқына елеулі әсер көрсетеді.

Діни ұйымдарға мүше болу жағдайларын анықтай отырып, М.Вебер шіркеуге бюрократиялық ұйымдар тән (ол кәсіби дін басшыларға және әкімшілік түрдегі қолбасшыға ие), ал сектаны харизматикалық ерекшелігі бар басшы басқарады, кәсіби тұрғыдағы рухани дін басшысы жоқ, құдайға құлшылық ету немқұрайлы және эмоционалды түрде өтеді деп болжайды.

Аталған жағдайлардың негізінде Э.Трельч әртүрлі түрдегі діни ұйымдардың идеалды үлгілерін сипаттауға талпыныс жасады: шіркеу, мешіт т.б. Автор ресми мойындалған діни ұйым, біріншіден, консервативті, әлемдік тәртіпті қабылдаушы, өзінің мүддесінде мемлекет пен басқарушы топтарды пайдаланады; екіншіден, әмбебап, қоғамның әртүрлі қабаттарымен өзара әрекеттесуге тырысады деп санайды. Секта әлемге, қоршаған қоғамға және мемлекетке қатысты бейтарапты немесе тіпті басқыншыл, дұшпандық ұстанымда болатын адамдардың салыстырмалы кішігірім тобынан тұрады, оқшаулануға және тұйықталуға тырысады. Нақты осы құқық, серт, меншік, билік және т.б., әлем мен оның тәртіптерін мойындаудан бастарта отырып, әлемнен жырақтайтын сектанттық аскетизмнің ерекшеліктерін анықтайды, ал шіркеулік аскетизм — бұл жоғары мақсатқа жету тәсілдерінің бірі, діндарлықтың көрінісі.

Әлеуметтік амалдың жақтастары және ұстанушылары «бір әлеуметтік топ түрінің мысалы, діни секта басқа типке, мысалы, шіркеу немесе мешітке ауысу мүмкіндігі туралы» теория аясында топтың құрылымы, оның әлемге қатынасы, мүшелік шарттарында біршама өзгеріс болуы керек немесе атауын өзгерту қандай да бір басқа діни сектаның қайта қарап шығару келешегін қарастырады. Біздің зерттеуіміз үшін бұл жағдайлар қызықты, себебі оларды есепке алуға және қайта құрылып жатқан топтардың қылмыстылығын болжауға мүмкіндік береді.

Көптеген әдебиеттерде секталарды шіркеу дамуының алғашқы сатысы ретінде қарастыруға талпыныстар болды. Секталарды талдауға әлеуметтану классиктері жасаған амалды қолдана отырып, келесі түсініктерді ескеру қажет. Діни топтар туындайтын және дамитын әлеуметтік жағдайлардың өзі өзгеріске ұшырады. Көптеген заманауи мемлекеттер, соның ішіне Қазақстан да зайырлы сипатқа ие, осыған байланысты мешіт, шіркеу және секталардың ерекше белгілері өз мәнін және өзектілігін жоғалтты.

Сектаның осы сәті, шіркеулерге қарағанда, әмбебап, кеңінен тараған және шіркеуді өзін сәйкестендіру үшін шыққан жері ретінде қабылдамайтындығы туралы Б.Уилсон пікірімен келісеміз. Секуляризацияланған қоғамда мұндай субстанция жалпы әлем болып табылады.

Жаңа діни қозғалыстар бүкіл қоғам мен діндердің құндылықтары мен нормаларына оның құрамдас бөлігі ретінде қарсы тұрады.

Бұдан басқа, қазіргі кезде діни секталарға кіру жеке тұлғаның еркін, саналы таңдауы ғана емес, осы сипаттағы топтарға тән психологиялық әсерлердің нәтижесі болып табылады.

Сонымен, әлеуметтік амал әртүрлі діни топтардың ұйымдастырушылық құрылымының ерекшеліктерін қарастырады. Әлеуметтанушылар үшін діни идеяларды ұйымдастырудың бір түрін басқасынан ерекшелендіретін жағдайлар маңызды. Осы көзқарас төңірегінде әртүрлі діни топтар зерттеледі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Трельч Э. Церковь и секта / Э. Трельч // Религия и общество: хрестоматия по социологии религии. — М.: Юрист, 1996. — С. 233.
- 2 Кудрявцев В.Н. Социальные отклонения. Введение в общую теорию / В.Н. Кудрявцев, Ю.В. Кудрявцев, В.С. Нерсесянц. — М.: Юрид. лит., 1989. — С. 319.
- 3 Башкатов Л.Д. Религиозные преступления: видовой состав, причины и условия, профилактика / Л.Д. Башкатов, О.В. Старков. — М., 2000. — С. 165.
- 4 Тонконогов А.В. Профилактика сектантства в среде осужденных к лишению свободы / А.В. Тонконогов // Закон и право. — 2004. — № 9. — С. 58.
- 5 Каарийнен К. Верующие, атеисты и прочие (эволюция российской религиозности) / К. Каарийнен, Д.Е. Фурман // Вопросы философии. — 1997. — № 6. — С. 36.
- 6 Артемьев А.И. Религии в Казахстане: хрестоматия / А.И. Артемьев, И.Б. Цепкова, С.Ю. Колчигин. — Ч. II. — 2-е изд., испр. и доп. — Алматы: Бастау, 2011. — 360 с.
- 7 Ольшанский Д.В. Психология террора / Д.В. Ольшанский. — М.: Питер, 2002. — С. 288.
- 8 Еникеев М.Я. Юридическая психология: учебник / М.Я. Еникеев. — М.: Норма, 2008. — С. 512.

Д.К. Кусбеков

Первопричины возникновения религиозного экстремизма (философский аспект)

В статье понятия «религиозная секта», «экстремизм» рассматриваются в социально-философском аспекте. Всесторонне раскрываются возможные пути развития сект, механизмы вербовки людей и создания отдельных общин для деструктивного воздействия на человека. В статье описываются традиционные и нетрадиционные религии и определяется опасность деструктивных культов с разнообразными методами психологического влияния и психологических манипуляций. Религиозные секты, отличаясь замкнутостью, погружением в свою идею, далекую от религии, рассматриваются как путь к экстремизму и терроризму, так как отличаются реакционной сущностью, имеют негативные особенности и сложную иерархическую структуру. Автор дает характеристику религиозных сект, отмечая, что учение и деятельность деструктивных сект исключают рациональное осмысление, негативно влияют на духовную жизнь человека, направлены на разрушение личности. Религиозный экстремизм, в основе которого лежит противоречащее обществу религиозное оппозиционное объединение, требует всестороннего изучения. Автор рассматривает религиозную секту как общественную опасность и считает, что именно секта может пропагандировать экстремизм и терроризм, идеологически одурманивая человека на основе религиозного фанатизма. Сектантские проповедники, ловко используя определенную ситуацию, отсутствие религиозного иммунитета человека, его доверчивость, психическую и нравственную неустойчивость, стараются внушить ему сектантское радикальное учение, претендующее на исключительность, «божественную правду», окончательную истину. Автор, разграничивая религиозные организации и религиозные секты, описывает основные признаки и механизм деятельности последних.

Ключевые слова: секта, экстремизм, терроризм, политика, правовое сознание, моральное сознание, конфессия, авторитарность.

D.K. Kusbekov

Root causes of religious extremism (philosophical aspects)

The article considers the concepts of «religious sect» and «extremism» in the social and philosophical aspects. The possible ways of development of sects, mechanisms of recruiting people and creating separate communities for destructive influence on people are in full disclosure. The article describes traditional and non-traditional religions and defines the danger of destructive cults with various methods of psychological influence and psychological manipulation. Religious sects, distinguished by their closeness, immersion in their idea, which is far from religion, are considered as a path to extremism and terrorism, because they differ in their reactionary essence, they have negative features and a complex hierarchical structure. The author pro-

vides a description of religious sects, noting that the teachings and activities of destructive sects exclude rational comprehension, have a negative effect on the spiritual life of people, and are aimed at destroying personality. Religious extremism, based on religious opposition associations that are at variance with the society, requires comprehensive study. The author views the religious sect as a public danger and believes that it is the sect that can propagandize extremism and terrorism, ideologically intoxicating people on the basis of religious fanaticism. Sectarian preachers, deftly using a certain situation, as well as lack of religious immunity of a person, his credulity, mental and moral instability, try to instill in him a sectarian radical doctrine which claims exclusivity, «divine truth», the ultimate verity. The author, delimiting religious organizations and religious sects, describes the main features and the acting mechanism of the latter.

Keywords: sect, extremism, terrorism, politics, legal consciousness, moral consciousness, religion, authoritarianism.

References

- 1 Trel'ch, J. (1996). Tserkov i sekta [Human and religion]. *Relihiia i obshchestvo: hrestomatiia po sotsiologii religii – Religion and society: reader on the Sociology of Religion*, 233. Moscow: Yurist [in Russian].
- 2 Kudriavtsev, V.N., Kudriavtsev, Yu.V., & Nersesiants, V.S. (1989). *Sotsialnye otkloneniia. Vvedenie v obshchuiu teoriiu [Social deviations. Introduction to the general theory]*. Moscow: Yuridicheskaiia literatura [in Russian].
- 3 Bashkatov, L.D., & Starkov, O.V. (2000). *Reliioznye prestupleniia: vidovoi sostav, prichiny i usloviia, profilaktika [Religious crimes: species composition, causes and conditions, prevention]*. Moscow [in Russian].
- 4 Tonkonogov, A.V. (2004). Profilaktika sektantstva v srede osuzhdennykh k lisheniiu svobody [Prevention of sectarianism in the environment of convicted persons to imprisonment]. *Zakon i pravo – The law and the right*, 9, 58 [in Russian].
- 5 Kaariajnen, K., & Furman, D.E. (1997). Veruiushchie, ateisty i prochie (evoliutsiia rossiiskoi relihioznosti) [Believers, atheists and others]. *Voprosy filosofii – Question of philosophy*, 6, 36 [in Russian].
- 6 Artem'ev, A.I., Tsepikova, I.B., Kolchigin, S.Yu. (2011). *Relihiia v Kazakhstane [Religion in Kazakhstan]*. (Vol. 1, 2; Vol. 2). Almaty: Bastau [in Russian].
- 7 Ol'shanskij, D.V. (2002). *Psikhologiiia terrora [The psychology of terror]*. Moscow: Piter [in Russian].
- 8 Enikeev, M.Ya. (2008). *Yuridicheskaiia psikhologiiia [Legal psychology]*. Moscow: Norma [in Russian].